Бұл жүйені ұстанушылар біздің республикамызда барған сайын қебейіп келеді. Алматы қаласы мен бірқатар облыс орталықтарында осы жүйені ұстанушылардан құрылған әуесқойлар үйірмелері мен клубтары жұмыс істейді. Мысалы, «Бутановка» Алматы маңындағы табиғи сауыгулардың серуендейтін, суга түсетін орны. Онда Иванов жүйесін пайдаланып жүрген адамдарды көптеп кездестіруге болады. Бұл орын Сара Назарбаевың әр жексенбі күні келіп, Ивановтармен жүздесіп, серуендең тұратын, дәстүрлі дағдыға айналған жері екен. Республикалық «бөбек» корының Президенті, зиялды азаматтың қосағының бұл жолды ұстануы бекер емес. Себебі еліміздің бірқатар мәселелерін шешетін лауазымды адамға мықты денсаулық керек. Ал денің сау болудың ең тиімді де, онай жолдарының бірі П.К. Ивановтың «детка» жүйесі. Бұл ілім деннің саулығын тілеген әрбір азамат ұсынысы бойынша ұстануына өте тиімді тәсіл. Бұл ілімді ұстанушылар арасында елдің зиялды азаматтарын, дәрігерлер мен ақын-жазушыларды кездестіруге болады. Оларды тек бір мақсат- денсаулықтың мықты болуы.

в) Дене шынықтыру – денсаулық көзі.

Жанды дене қозғалыста болмаса өледі. Өзіне өзі тәжірибе жүргізген Аристотельдің ой қорытындысы осындай. Бір жыл бойы күніне белгілі-бір уақыт аралығында бір колына батпан (гир) іліп ұстап тұрған. Содан, жылдың сонында жаңағы батпан көтерген қолы жуандап, бұлшық еттері өсіп, қол қары күшейген де, жұмыс істемеген қолы салып кеткен.

Міне, адам баласы, сонау ықылым заманнан бері ұзақ өмір сүрудің жолын қарастыруда. Ақ терек пен көк терек 300-400 жыл өмір сүрсе, әр нәрсені бір шоқып жүріп күнелткен кара қарға да 300 жыл тіршілік етеді еken. Одан қала берді, сағатына бір адым жерге қозғалатын тасбақа 200 жыл жасайтын көрінеді. Сонда, жаратқанның әмірімен табиғат заңын бақылайтын адамзатқа сол жаратқан, егер діни ұғымға, болмаса азырға сенсек, қанша өмір сүруді өз еркіне беріпті. Енді, дүние жүзі көлемінде осы адамзаттың орта есеппен, өмір сүру уақыты 50 жасқа жетпейді еken. Демек, мұның себебі неде, кімнің кінәсінен? Әрине, қанша өмір сүрсе де әркім өзіне жауапты. Себебі барлық адам бірдей бір уақытта өліп жатқан жоқ қой. Демек, әр адамның өмір сүру ұзақтығы өзіне байланысты болғандығы гой.

Осылайша, адамзат күні бүгінге дейін ұзак өмір сүрудің жолын қаншалықты іздегенімен, жетістіктің шыны қөрінбейді. Ұзак өмір сүрудің негізі-денсаулықты сақтау. Денсаулықты сақтау- ұзак өмір сүру үшін күрес. Кезінде XVIII дүние жүзіне әйгілі француз дәрігері Тиссо: «Қандай да болмасын ауруга қолданатын дәріні дене қозғалысы – ак алмастыра алады, ал дүниедегі емдеудің барлық құралы адамның саналы қозғалысын алмастыра алмайды», - депті. Демек, осындай ғылыми қағидаға сүйенсек, яғни ұзак өмір сүру үшін бізге қозғалыс керек еken. Ол үшін әр адам өзінің шама-шарқына қарай дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуға тиісті көрінеді.

Сонда дене қозғалысы дегеніміз не?

Адамзаттың таңертең орнынан тұрганнан, кешке қайтадан орнына жатқанға дейін қозғалыста болатындығы баршамызға аян. Денсаулықты сақтап, ұзак өмір үшін бұл қозғалыс тіршілік талабын қанағаттандыра қосымша қозғалыс керек. Саналы түрде дene шынықтыру жаттығуларының бір түрімен, яғни спортпен айналысу, яғни шұғылдану әр азаматтың жеке басының міндегі деп есептейміз. Егер бұлай болмаған жағдайда дәл бүгінгі тіршілікпен болашақ ұрпақ өмірінің ұзақтығы орта есеппен 40 жасқа жетпейтін болар деп қорқамын.

Спортпен шұғылдану деген сөз, міндегі түрде спорттық жеңіске жету деген мақсат емес, денсаулықты сақтау, организмді дұрыс қалыптастыру, демек, ұзак өмір денені шынықтыру мақсаты болу керек. Бірақ басқаны айтпағанда көздің де көретін көкжиең деп аталатын шегі болады. Сондықтан спортпен шұғылданған кезде организмді шегіне жеткізіп тоздырмай, анығын айтқанда дәрігерлік, биологиялық бақылау жасай отырып, жұктемені уақытында түсіріп, уақытында дем алып, уақытында тамақтанып т.т. организмге, денсаулыққа байланысты пайдалы іс істөу керек. Егер әр адам денсаулығын нығайтып, мұсін сұлулығын сақтаса, онда біздің спорттағы жетістігіміз осы болар еді.

Адам, өзінің күнделікті тіршілігінде, еңбек процесінде толып жатқан әрекеттер мен әр түрлі қозғалыс жасайды. Осының бәрі кейбір жекеленген мүшелердің қалыптасып жетілуіне зор әсер етеді. Кейбір жағдайларда мұндай ықпалдардың көрініше әсер етуі де мүмкін.

Екінші бір қозғалыстың әсерінен дененің бір мүшесі шаршап немесе деформацияға, яғни организмнің қалыпты нормаларын өзгертуге экеп соғады. Сондықтан да күнделікті тіршілікте бір бағытта ғана жүргізілетін дene қозғалысы мен әрекеттерінің бәрін дene шынықтырудың құралы деуге болмайды.

Адамның жеке басының қасиеттері дененің дамуымен байланысты. Демек, дene жүйелеп шынықтыру мen

денсаулықты қалыптастыру- адамның ой-санасының жетілуі мен творчестволық күштерінің дамуының негізі.

Адамның барлық өмірі қозғалыспен байланысты. Тіпті үйіктап жатқанда да организмнің жұмыс істейтіндігі бәрімізге мәлім. Демек, тоқтаусыз жұмыс істеудегі организмге ақау түсірмес үшін жаттығуларды орындау, яғни организмнің шамасына келетін және дұрыс үйимдастырылған жұмысы кезінде ғана дамып, нығайып жетіледі.

Әркімнің дene мүсінін сымбатты қалыптастыру үшін мамандық бойынша орындалатын жұмыстағы қозғалыстар жеткілікті ме? Әрине, жеткіліксіз. Мысалы, студенттер, әсіресе қала жағдайында, тәуліктің көп бөлігін жабық үде, оқу орындарында стол басында өткізеді. Олармен өткізілетін жаттығулар мен ойындар, спорттың өзі қалаған бір түрімен немесе күнде бір рет серуендер қайту ғана деңсаулықтың негізін қалайды. Болмаса станоктың жанында тұрған токарь, әйтпесе тракторшы, машина жүргізуі, міне бұлардың колдары мен аяқтарына күш түскенімен белдері жұмыс іstemейді. Сондықтан біраз уақыт өткеннен кейін олардың белдері және аяқ-колдары ауыра бастайды. Себебі аяқ-колдары үнемі бірқалыпта болғандыктан, үнемі күш түсіп тұрған бір-ак тал бұлшық еттері жұмыс істейді де қалған бұлшық еттері жұмыс іstemейді, сондықтан да ауруға шалдығады.

Ал, әсіресе жаттығулар денсаулыққа, міnez-құлықтың, белгілі бір әлпеттің, мүсіннің қалыптасуына қандай ықпал дейтін болсак, бұл сұраптарға жауап бермес бұрын ең алдымен аз да болса адам организмінің жұмыс істеу процесі мен құрылышы жайында бір-екі ауыз сөз айта кеткеніміз жөн.

Орта мектепте оқыған жасөспірімдер адам анатомиясы мен физиологиясының негізімен танысады. Демек, әрбір азамат өз дene құрылышының жұмыс істеу жүйесінен хабардар деген сөз. Сонда-дағы ескерттеріміз – адам организмінің барлық ағзасының әрекеті өзара байланысты

болғандықтан қандай да болмасын жеке мүшеге тұсken жүктеме- салмақ бүкіл денеге әсерін тигізетіндігін ұмытпаған жөн.

Адам тіршілігі таңертең үйқыдан оянудан басталады. Алғашқы тіршіліктің бастамасы- таңертеңгілік бой жазу жаттығуларынан басталуы керек. Енбектің қай түрімен шұғылданса да адам өзінің жас ерекшелігі мен организмнің анатомиялық және физиологиялық құрылымының жұмыс істеу процесін білуі керек. Осындай негізгі нақтылы спортпен шұғылдану үшін өз дene бітімінің табиғатына сай, жоғарыдағы айтылған жағдайлардың барлығын ескере отырып, болашаққа нәтиже көрсететіндей спорт түрін таңдап алған жөн.

Жалпы, спорттың көпшілік түрімен шамамен 10 жастан бастап шұғылдануға болады. Алдына мақсат қойған бала спортта жоғарғы көрсеткішке де жетеді. Ал 10 жастағы баланың мінез-құлқы, сана сезімінде әлі де болса тұрақтылық бола бермейді. Демек, олар өзінің спорттагы әрекетін өз санасымен қажетті деп, белгілі бір жүйеде бақылап отырмайды. Соңдықтан спорттың қандай түріне қабілеті бар екенін жаттықтырушылар мен мұғалімдерден сұрап, ақылдасып барып, жаттығуды бастаулары керек. Соңдай-ақ 14-15 жасқа дейінгі үлдерға қараганда қызы баланың дene жағынан даму процесі де тез жүреді де, ер балалар 18 жастан асқаннан кейін гана қалыптаса бастайды. Ол кезде олар арнайы орындардағы жаттығуларға, түрлі секцияларға қатысып, шеберліктерін шындаласа онды болғаны.

Жаттығу - дene тәрбиесі саласында ең жоғарғы көрсеткіштерге жету жолында жеке бастың көп жылдар бойы үзбей, жүйелі түрде спортпен шұғалдануы. Соның нәтижесінде спортшының қабілеттілігі артып, күннен күнге дene мүсіні жетіліп, күш-куаты қалыптаса береді.

Бүгінгі Қазақстанда елuge жуық спорт түрі дамыған. Солардың бір түрімен жаттығатындардың жолы әр түрлі. Айталақ, ауыр атлетикамен айналысадағы негізгі мақсат-

күш- қайратты жетілдіру, денені сомдау. Демек, спорттың негізгі мазмұнын ұққаннан кейін ғана оныменен әркім өз бетінше әр түрлі тәсілдермен жаттығады, болмаса жаттықтырушының нұсқауын орындаіды. Спортпен жаттыға бастаған кезде қай спорттың түрі болмасын, оның мән – мағынасын білген жөн. Ал, спорттық ойындарды алсақ, баскетбол, волейбол, футбол т.б. жаттығулардың кестесі дұрыс құрылса ғана өз нәтижесін береді. Сонда ғана шұғылданушыны қызықтырып, әр уақытта бір жаттығудан келесісіне ынталандырып отырады. Егер керісінше болса, ол шұғылданушыны қызықтырмайды. Содан барып ол бұл спортты тастан кетуге мәжбүр болады.

Жаттығумен ойдағыдай шұғылдану, негізінен жаттықтырушыға байланысты. Жаттығуды белгілі бір гылыми жүйеге негізделеп, жаттығушының шама-шарқына қарай ынталандырып отырса ғана көзге түсетін спортшы дайындауға болады.

Дене тәрбиесі жүйесінде спортпен шұғылданып, болашақта жоғарғы көрсеткіштерге жету үшін де табиғи органды пайдалану керек. Демек, қазіргі кезде қуллі халықтың спортпен шұғылданатында мүмкіншілігі жоқ. Сондықтан да көпшілікке денсаулықты сақтау мақсатында табиғи органды пайдалануға кеңес беріледі.

Баршамызға белгілі, бізді қоршаған табиғи ортага жататындар жанды дененің тіршілік көзі-ая, су және құн сәулесі. Аталған табиғи органды пайдаланудың денсаулық үшін баға жетпейтін әсері бар. Мұны әркім біле де бермейді. Көпшіліктің түсінігінде әйтеуір суга түсіп, арқаны құнге қыздыру бар. Бірақ қалай қыздырынуға, қай уақытты пайдалануға болады? Бұны кез келген адам біле бермейді.

Ең әуелі ауаның организмге тигізетін пайдасын (әсерін) білейік. Әдетте адамның орындаған азды-көпті жаттығулары, соған орай бұлшық еттердің қан жүйесі, яғни жұмыс істей процесі ауасыз іске аспайды. Мәселен, дем алу – ішке ауа қабылдау деген сөз. Міне, сондайда жүгірген, секірген кезде,

велосипедпен жүргенде, жүзгенде (спорттың қай түрі болмасын) т.б. адамның бұлшық еттері, ішкі ағзаларының жұмыс істеу процесі алғашқы қалыптағыдан әлде қайда тездетіледі. Осы кезде дем алу процесі де артұрган жағдайдан 15-20 есе артық көлемде керек етеді. Ауаның көлемі тыныштықта 6-7 литр болса, жаттығу кезінде 120-130 литрге дейін көбейеді. Осылайша үнемі үзбей өткізілетін жаттығулардың нәтижесінде адамның дем алу процесі толық қалпына келеді. Жақсы жаттыққан спортшы алқынуды сөзбестен ұзақ уақыт жүгіре де, жүзе де, құресе де алады. Ал жаттықпаган ағза иесі алғашқы кездеақ демігіп, қарсыласынан жеңілуге мәжбүр болады. Мұның аты-тез шаршаша. Тыныс алу жүйесінде қындық болған адамның организмі әлсірейді. Асылы, таңертенгілік бой жазу немесе спорт жаттығуларымен мүмкіндік болғанша далада, таза ауада айналысқан жөн. Бұдан шығатын қорытынды- организмді жаттықтыру үшін (қандай спорт түрі болмасын) жұмысты ең әуелі ауамен дем алушан бастау керек.

Суға шомылу міндетті түрде жүзу емес, денсаулықты сақтау мен дene шынықтыру үшін маңызды. Суға шомылу үшін міндетті түрде жүзе білу шарт емес. Мұны айтып отырған себебіміз, қазекендердің көпшілігі жүзе білмегендіктен суға маңайламайды. Сондықтан тек денсаулық үшін ғана көпшілікке арналған, терендігі кісі бойында су қоймаларында шомылуға болады. Суға түсетін жағаның ең негізгі ерекшелігі – жел соқпайтын, күн көзі жақсы түсетін болуға тиіс.

Күнге қыздырыну да, организм үшін баға жетпейтін өте қажетті табиги күш. Күн сәулесі қабылдаудың жөні осы екен деп, суға бір сұнгіп, содан соң тырп етпей жағада жатып алуға болмайды. Ондай жағдайдың пайдасынан зияны көп.

Тәуліктің күнге қыздырынып, суға түсетін дұрыс мезгілі – таңертенгі сағат тоғыздар шамасында он екіге дейінгі

уақыт. Содан кейін, тұс ауа сағат он алтыдан әрі қарай қыздырылған жөн.

Күніне екі рет (таңертең, түстен кейін) күнге қыздырынудың пайдасы ғылыми негізде дәлелденген. Демек, күн сәулесінің біртіндеп әсер ететіндігі анықталды.

Күн сәулесі адам организміне бірден өте тез әсер ететін болғандықтан, қыздырынуда мүмкіндік болғанша оның уақыты мен мөлшерін біртіндеп ұзартқан жөн. Күніне екі ретпен қыздырынуға жағдай болғанда алғашқы күні 20-30 минутқа дейін қыздырыну жеткілікті. Егер тал тұс болса, онда 15-20 минут та жетіп жатыр. Суға түскенде тағы бір ескеретін жағдай, әсіресе ең алғашқы күндері дене қызып, терлеп тұрса, бірден келіп суга тұсуғе болмайды. Себебі, күн көзі ашық түсіп тұрган жердің температурасы ең кем дегендे 40⁰-тен жоғары. Ал судың температурасы болса орта есеппен 20⁰-тан аспауы мүмкін. Сондықтан ауа мен судың арасындағы температуралық айырмашылығы өте жоғары, өзі қызып тұрган организмге бірден әсер етеді. Асылы, суға денені суытып, терді басып барып түскен дұрыс. Бірақ су жүріп алмай, әр 5-10 минуттан кейін демалған абыз.

Спортпен арнағы шұғылданбайтын еңбек адамдарының тағы бір ескеретінің таңертенгілік бой жазу жаттығулары. Себебі, бұны бүгінгі таңдағы қоғамның салауатты да саналы мүшелері үшін жеке бөліп алып түсіндіруді жөн көрмедік. Әркім күйбен тіршілігінде не істеп жүрсе де: отырса да, тұрса да т.б. біреу үшін емес, өзінің жеке басының керектігі үшін істейді.

Дене шынықтыруды айырықша орын алғатын спорт түрі женіл атлетика. Женіл атлетика – бұл дене жаттығуларының біріккен түрі болып саналады. Спорттық жүгіру, жүру, секіру, көпсайыс. Женіл атлетика сонымен қатар ғылыми дәлелденген пән болып саналады. Өзінің даму тарихы, ілімі, техникасы, үйрету әдістемесі және жаттығулары бар ілгері пән. Женіл атлетика олимпиадалық спорт түрі және спорттың төресі болып есептеледі. Бұл спорт түрімен біздің елімізде

мындаған адамдар шұғылданады. Элемдік, Европалық ұлттық біріншіліктерге қатысып тұрады. Бір ғана мысал, соңғы жылдары 60-100 метрлік кедергі мен жүгіруде, үлкен халықаралық жарыстарда Ольга Шишигина жиі жеңіс тұғырығына көтеріліп жүр. Ең үлкен жеңіс шыны 2000 жылғы Сидней олимпиадасында 100 метрлік кедергімен жүгіруде ұтып алған «Алтын» алқасы барлық қазақстандықтардың үлкен жеңісі болды. Женіл атлетика өзінің құрылышы жағынан дene тәрбиесінде бірінші орын алады. Бұл спорт түрінің сауықтыру жақтары мол, өйткені жеңіл атлетика таза ауда, табигат аясында өткізеді. Женіл атлетика жаттығулары адам ағзасының тыныс алу жолдары, жүйкесіне, барлық бұлшық еттерге, қозғалыс аппараттарына өзінің пайдалы әсерін тигізеді. Осы жеңіл атлетика жаттығулары арқылы адамды жан-жақты үйлесімді дамытуға болады және бұл спорт түрі басқа спорт түріне қарағанда жоғары дәрежеде дамыған. Женіл атлетика пәннің эстетикалық маңызы өте зор.

Окушылардың дene қасиетінің үйлесімді, жанжакты дамуына жеңіл атлетика жаттығуларының әсері мол. Жүгіру, секіру, лақтыру, жұру әрбір сабактың қатардағы жаттығуы болып есептеледі. Сыныптан тыс спорттық үйірмелерде, жазғы демалыс орындарында көп қолданылатын спорттың түрі жеңіл атлетика болып саналады. Женіл атлетикалық түрде ұлттық және президенттік сынамалар жатады. Көбіне жеңіл атлетика жаттығуларын табиғи жаттығулар немесе табигатта, таза ауда орындалатын жаттығулар деп аталады. Женіл атлетика жаттығулары негізі қозғалыс қасиеттеріне тәрбиелейді және дененің функционалдық қасиеттерін дамытады. Сонымен қатар моральдық ерік-жігерге, қындықты жеңуге, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Женіл атлетика жаттығуларымен шұғылданған адамның денесінде тек даму, өсу пайда болады. Женіл атлетика жаттығуларымен шұғылданған адамның денесінде тек даму, өсу пайда болады. Женіл атлетика жаттығуларын орындау кезінде сыртқы

қозғалыс ішкі органдар арасында тығыз байланыс болады. Сондыктан женіл атлетика жаттыгулары окушылар ағзасына тек дамытушылық әсерін тигізіп отырады.

Женіл атлетиканың бір түрі – жұгіру. Дұрыс және мөлшерленген жағдайда жұгіру денсаулықты сактаудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Жұгірудің денсаулыққа пайдалы екендігін көне заманның өзінде-ақ білген. Оның дәлелі: Грекиядағы бір үлкен жартастың бетінде жазылған- «Мықты боламын десен – жұгір, әдемі боламын десен- жұгір, ақылды боламын десен- жұгір» деген девиздің 2500 жыл бұрын жазылғандыры.

Жұгіру ағзага қажет, ейткені, жүрек, ақазан, ішек, бауыр, бүйрек және т.б. органдар миллиондаған жылдар бойы үнемі қозғалыс жағдайында дамыған. Ал, қозғалысты шектеу бұл органдардың қызметінің бұзылуына алып келеді. Ғұламалардың: «Сау болғанда жұгірмесен, ауырғанда жұгірмесін», - деген ойлары қалай дұрыс айтылғанына таңданбауга болмайды.

Сонымен іс жүзінде дені сау адам күніне аз дегенде 15-20 минут осы уақыт аралығында 3-4 км. жұгіру қажет. Қозғалыс – бұл өмірдің мәні. Қозғалыс тоқтаса, өмірдің тоқтайтыны шындық. Бұнымен қатар, қозғалыс – денсаулық негізі, мұны естен шығармауымыз керек. Жұгіру мен жұрудің айырмашылығы бар, мысалы, адам жұру үшін дene салмағының алға немесе артқа ауысуына байланысты дененің тірек күші екі аяққа бөлініп, одан әрі қарай бір аяққа түсіп, қайтадан екі аяққа алмасып, кезектесіп отырады. Ал, жұгіру кезінде дененің тірек күші аяқтың қатты серпініне байланысты екі аяқ та бірдей жерден көтеріліп, аз уақыт болса да дene кенестікке көтеріледі. Бұл жағдайда денедегі барлық бұлшық еттер жиырылып, созылып ширатыла түседі. Мұның әсерінен қан тамырлары сығылып, созылып, кеңейеді және үлкейеді. Осының нәтижесінде қан тамырларының ішіндегі және жасуша арасында тұрып қалған қалдық-тұнбалар, үгіліп қанға араласып, ағып тазаланып тұрады.

Сондықтан да, адам таңтеренгі дене шынықтырудан, жүгіруден кейін өзін жеңіл сезінеді. Сондықтан да дене шынықтыру, спортпен айналысу – адам денсаулығын жақсартып, ауруға шалдықтырмай, сымбатты, өз-өзіне сенімді, салауатты өмір сұрудің- кепілі. Қорыта айтқанда, жүйелі, тәулік бойы оңтайлы дене белсенділігіне негізделген өмір салты - өмірді толық қанды етеді.

III. Қорытынды

Ел президентінің «Қазақстан - 2030» жолдауындағы ұзак мерзімді басымдылықтың бірі «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» тармағында былай делинген «...салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысұмызызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған». Осы жолдауды басшылыққа алып жұмыс істей міндеттіміз. Жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу – ежелден-ақ халық арманы. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін өз қолына алған егеменді еліміз – Қазақстан мектептерінің алдына қояр басты талаптары да осы болмақ.

Дене тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі – мектеп оқушыларының салауатты өмірге деген ықылас жігерін қалыптастыруға негізделген басты шара болып табылады. Оның, әсіресе, бүгінгі таңда аса маңыздылығы жыл сайын жоғалып келеді. Өйткені, мектеп оқушыларының денсаулық деңгейі жылдан төмендеп барады. Тұлғалы міндеттері бар оқушылардың дене тәрбиесі, оку процесі жағынан салауатты өмір мәні мен оның қоғамдағы дәлелі, басты міндеттері толығынан ашылмады.

Ұрлақты өмір заңдылықтарына, салауаттық негізіне бейімдеу мектеп жүйесіне жүктелген өте маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып отыр. Салауатты өмір салтын өздігінен жасалмайды, оған жүйелі түрде тәрбиелеу

қажет. Біздің ойымызша, окушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыруда қимыл ойындардың манызы өте зор. Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Дене тәрбиесі немесе спорт сабактарында дене тәрбиесінің мұғалімі окушыларға, балаларға әр түрлі ойындардың бағытын бере отырып, әділ де дұрыс етуін қадағалап отырган жөн. Өйткені, мұның окушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыруда тәрбиелік маңызы зор.

Сонымен, қорыта келгенде, дене шынықтыру, әсіресе жүгіру бұлшық еттердің күшін арттырып, буындардың бекелі, дәл қимылдауын қалыптастырады. Екіншіден, астың денеге дұрыс сіңіп, оттегі арқылы жанып бойға тарауын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, барлық ішкі бездердің қызметін күштейтеді. Бұл сұлулықты арттырады. Үшіншіден, тыныс, жүрек-қан тамырлары және нерв жүйелерінің ұзак жылдар бойы дұрыс қызмет етуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде адам ауырмай, ұзак жасайды.

Денсаулыққа байланысты халқымызда «Ауырып алып ем іздеңенше, ауырмайтын жол ізде» деген өміршеш, тамаша қагида бар. Сондыктан әр адам өз денсаулығына жауаптылықпен қарап, сақтай білуі керек. Халық денсаулығы мемлекетімізді қалыптастырады. Олай болса, салауатты өмір сұру-әр адамның міндетіне айналуы шарт.

Жастар мен өсіп келе жатқан ұрпақтарға айтарымыз: спорт адамды ауырмауга, төзімділікке, шапшандыққа, ептілікке, батылдыққа, тәртіптілікке, ақыл-оыйн дамытуға, эстетикалық мәдениетке, сүйіспеншілікке, еңбек сүйгіштікке, ең ақыры, адамгершілікке үйретеді. Салауатты өмір салтының басты кепілі – спорт дегеніміз келеді!

Әдебиеттер

1. «Денсаулық» журналы 2001, 2002 жыл.
2. «Денсаулық» журналы 3-4 наурыз-сәуір 1995 ж.
3. авт. Х.Қ. Сәтбаева, Ж.Б. Нілдібаева «Валеология» (оку-әдістемелік құрал), Алматы, 1999 ж.

№ 2 * Вестник * 2004 год

4. «Валеология дене шынықтыру спорт» журналы 05-06 2002ж.
5. «Валеология дене шынықтыру спорт» журналы 11.11.2002ж.
6. авт. Базарбаев, Төтенаев «Қазақстанның ұлттық ойындары» Алматы – 1994 ж.
7. «Өркен» газеті № 16,18 2003 ж.

ӘФЖЗ7.036

Калаханова С.Б.,
педагогика факультеті
“Педагогика және
психология” мамандығы
2-курс, 6201-топ.
Ғылыми жетекшісі -
Ерніязов О.Н.

Мектеп үлгерімі және интеллект

Бұғынгі таңда жастарға әлемдік ғылыми прогресс деңгейіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу, олардың рухани байлығы мен мәдениеттің жетілдіру адамзат қоғамының маңызды міндеті болып табылады. Ал адамды жан-жақты дамыту үшін оған әсер ететін факторларды, алғы шарттарды білу керек. Осы орайда интеллекттің даму деңгейі мәселесі ерекше орын алады. Себебі бұл адамның ең ұлы қабілеті – ойлауын, танымын, білімін зерттеуге жол ашады. Соңдықтан интеллектті зерттеу ертеден бұғынгे дейін келіп жеткен, тольық анықталмаған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Интеллект аз зерттелген жок, Ч.Пирсон, Гальтон, Бодалев, Кеттел, Айзенк т.б. ғалымдардың еңбектерінде осы тақырыпта жүргізілген ауқымды жұмыстарды көруге болады.

„Интеллект“ терминіне көптеген ғалымдар, психологтар әртүрлі анықтама береді. Сонау ерте кездің және бұғынгі күннің психологиярдың, ғалымдардың жұмыстарында жазылған, зерттелген интеллекттің әртүрлі тұжырымдамалары бар. В.Штерн тұжырымдауы бойынша интеллект дегеніміз бұл жаңа өмір жағдайына бейімделе алушағы жалпы қабілет. Л.Полани бойынша интеллект – бұл білім алу қабілеттерінің бірі. М.К.Акимова ойынша интеллекттің негізінегі белсенділігі жатады, ал өзін-өзі реттеу тек мәселені шешудегі қажетті белсенділіктің деңгейін қамтамасыз етеді. Дж. Томпсон интеллектті тек абстрактылы түсінік ретінде карастырады.

Интеллекттің факторлы теориясының негізін салған Ч.Спирмен маманданған қабілеттер мәселесімен айналысқан. Осыған байланысты ойлау, ес, зейін, қабылдаудың ерек-

шешіктегін анықтауға жүргізілген тестілер нәтижелері барлық танымдық қабілеттердің өзара тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Г.Айзенк „G“ факторды орталық жүйке жүйесінің мәліметті өндөу жылдамдығымен (ақыл-ой темпі) түсіндіреді. Кеттедің пікірінше әрбір адамда туа берілетін потенциалдық интеллект болады. Шамамен 20 жаста бұл интеллект өз жемісін көрсетеді. Екінші жағынан, біздер өмірлік тәжірибе негізінде жинақтаған түрлі біліктер мен білімдерден тұратын кристалдық интеллект болады.

Интеллекттің дамуы туа берілетін факторларға байланысты: тұқымқуалаушылықтың туа берілетін факторлары, хромосомалық анамалия баланың ақыл-ой дамуының бұзылуымен сипатталатын Даун ауруы, яғни хромосомалардың артық болуына байланысты, ата-ананың жасына байланысты, жүкті кезде түрлі аурулармен ауруына байланысты немесе ішкен тамақтың сапасының нашарлығы, тамақ рационанда йодтың жетіспеушілігі, қызылшамен ауруы ақыл-ой дамуын тежейді, есту, көру ақауларына алып келеді. Сонымен бірге антибиотиктердің көп қолдану, алкоголь, шылым шегу баланың ақыл-ой дамуының кешеуілдеуіне әкеліп соқтырады.

Оқушылардың үлгерімін алдын-ала болжаса бұрын А.Бинэ зерттеулерінде қозғалса, бүгінгі таңда бұл мәселе өз маңызын жойған жоқ. Әлі ешқандай зерттеулер оқуды жалпы ерекше қабілет ретінде интеллектіден бөліп қарастыра алған жоқ. Сондықтан интеллект оқудың негізі болып табылатын қабілет ретінде алынады, бірақ оқудың табысты болуын анықтайтын фактор ретінде қарастырылмайды.

Оқуға индивидуалды ынғайды жүзеге асырғанда интеллект құрылымының жеке бөліктегінің дамуы оқушылардың белгілі-бір оқу пәндерін табысты шешуде анықталатынын білу қажет. Математика, физика және химиядан жақсы оқу үшін дамыған „сандық“ (формальды-символикалық), кеңістік және сөздік интеллект болуы керек. Жаратылыстану цик-

лындағы пәндер бойынша жақсы оқу үшін кеңістік және вербальдық интеллекттің жоғары деңгейі болуы керек; гуманитарлық пәндер бойынша жақсы оқу үшін вербальдық интеллекттің даму деңгейі жоғары болуы керек.

Оқытудың табыстылығы мен факторлардың даму деңгейінің арасындағы коррекциялық байланыс „интеллектуалдық диапазон“ моделімен түсіндіріледі. „Интеллектуалдық диапазон“ моделі белгілі эмпирикалық тәуелділіктер мен факторлардың қатарын суреттеуге, сонымен қатар жаңа тиимділіктерді болжауға мүмкіндік береді.

Жалпы интеллект адамның жетістігінің жоғарғы шегін анықтайды. Бірақ адамның қабілеттің диапазоны аз деп тұжырымдай алмаймыз. Өмір бойына интеллекттің және арнайы танымдық қабілеттердің дамуы, интеллекттің өзгеріске үшырауы мүмкін.

Мектеп жасында интеллекттің дамуына көбіне оқушының ішкі мотивациясы анықтайды. Бұл – жоғары жетістіктерге үмтүлу, бәсекелестікке және көп білуге құмарлық, өуестік т.б. Сонымен бірге басқа да тұлғалық, психикалық қасиеттер өсер етеді.

Оқу жеке, өдейі қабілет ретінде анықталмайды. Ал оны жеке қабілеттердің жүйесі ретінде алуға болады. Оқу негізінде жалпы интеллектуалдық қабілеттер, өсіресе ұғымдармен теориялық ойлау қалыптасады. Бұл – ұғымдарды менгеру, оларды қолдана алуды толық жетілдіру, логикалық және абстрактылық талқылай алу есебінен жүзеге асады. Содан келіп интеллекттің дамуына өсер ететін факторлар қатарына қабілеттерді және ойлауды дамытуды жатқызып, оны белгілі-бір деңгейде шарты етіп ала аламыз.

И.П.Павлов сигнал жүйелерінің типтік ерекшеліктері психикалық әрекеттің кез-келген түрінен байқалады және олар өмірде бір-біріне ауысып, өзгеріп отырады, осы типтердің кез келгенінің негізінде қабілетті жан-жақты дамытып отыруға болады деді. Ал ойлау, баланың сыртқы ортамен

белсенді қарым-қатынас жасауы негізінде оның өмір тәжірибесімен қосақталып дамып отырады.

Балалардың ойлауын және қабілеттерін дамытуда мектептегі оку-тәрбие үрдісі шешуші роль атқарады. Баланы жан-жақты дамыту үшін мұғалім, педагог тиісті жұмыстар жүргізіп тұруы керек. Мысалы, осындай шараларға ойлау қабілетін дамыту бағытындағы эвристикалық әдісті пайдалану, оку үрдісін жүйелі етіп үйімдастару, сабакта баланың логикасын дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану, тапқыштық пен зеректілікті тәрбиелеу т.б. жатады. Осы шаралардың тиімді жүргізуі мұғалімнің біліктілігіне байланысты болады. Егер мектепке дейінгі баланың интеллектуалдық дамуына әсер ететін негізгі орта тек жанұя болса, яғни, ата-аналармен эмоциялық қарым-қатынасы, олардың білім деңгейі, интеллект деңгейі – баланың IG – н анықтайтын факторлар болса, мектепте негізгі орынды педагог, оның іс-әрекеті жалпы педагогикалық үрдіс алады.

Жалпы білім беру жүйесінде, педагогикалық психологияда интеллектті дамытудың нақты жолдары өлі анықталған жоқ. Мұндай білім білім беру жүйесінде қолданылатын тиімді әрі өмбебап жолдарды іздестіру, табу әрі шешімін тап-паған үлкен мәселе болып қалып отыр. Бұл болашақта көптеген зерттеулерді жүргізуді, жұмыстануды керек етеді. Дегенмен интеллектіні оның табиғатына, құрылымына және оған әсер ететін факторларға сүйене отырып жалпы қабілеттер жиынтығын және ойлауды дамыту арқылы жүзеге асыру керек секілді.

Оқушылардың интеллектісінің даму деңгейі мен оку үлгерімі арасындағы байланысты зерттеу мақсатында біздер өз зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл зерттеу М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында жоғары сынып оқушыларының қатысуымен жүргізілді. Г.Айзенктың интеллект тестісі арқылы 10 және 11 сыныптардың 25 оқушының IG – і

№ 2 * Вестник * 2004

анықталды. Тестке қатысқан окушылар гуманитарлық бағытта (қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих) мамандандырылған білім алуда. Зерттеу міндеттері: 1) Оқушылардың мектепке қабылданудағы IG – і мен қазіргі IG - ін салыстыру; 2) интеллектінің мектеп үлгерімін анықтаудағы алатын орнын білу.

Кестеде 10 сынып оқушыларының көрсеткіштері берілді. 2003 ж. қабылдау емтиханында анықталған IG бес баллдық бағалаумен берілді (соңғы бағана). (кесте - 1)

№	IG	Оку үлгер.	Бағыты	Бұрынғы IG тест баға
1.	110	4,1	Қаз. т/әд	4
2.	134	4,5	Тарих	3
3.	136	4,1	Тарих	3
4.	110	4,5	Шет т	4
5.	115	4,5	Шет т	4
6.	118	4,3	Тарих	3
7.	118	4,2	Тарих	4
8.	146	4,5	Тарих	4
9.	145	4,1	Қаз т/әд	4
10.	146	4,5	Қаз т/әд	4
11.	140	4,1	Шет т	3
12.	137	4,7	Шет т	4
13.	126	4,3	Қаз т	4
14.	116	4,7	Шет т	5
15.	90	4,5	Шет т	3

Кесте - 1

Егер мәліметтерді өндейтін болсақ, мынандай нәтижеге келеміз: егер окуга қабылданған кезде оқушылардың 40 % - інің IG – і орташа деңгейді көрсеткен болса, қазіргі кезде тек 7 % - і ғана орташа деңгейді көрсетеді.

Осы алынған бар нәтижеге сүйеене отырып, интеллектің бүл өзгеруі мектеп-интернаттағы білім беру жүйесінің са-

палы жұмыс жасауы арқылы жүзеге асып отыр деген қорытындыға келеміз.

Ал оқу үлгерімі мен интеллект арасындағы байланысты анықтағанда, 10 және 11 сыныптарда өзгешеліктер болды.

№	IG	Мект үлг.
1.	108	4
2.	104	5
3.	126	5
4.	125	4,3
5.	106	4
6.	126	4,6
7.	108	4
8.	115	4
9.	134	4,7
10.	106	4

Егер 10 сыныпта мектеп үлгерімі мен интеллект деңгейі арасындағы байланыс дұрыс, анық көрінбесе, 11 сынып оқушыларында бұл он байланысты оңай байқауға болады. Себебі 11 сынып оқушылары мектеп бітіретін тұлектері болғандықтан, білім алуға, білімге бағытталған салыныштырылғысы бар, мотивациясы жоғары. Соңдықтан олардың мектеп үлгерімі жалпы қабілеттерін сарқа оқу орын алған.

(кесте - 2)

Сонымен интеллектіге оқуға қабілеттілік деп анықтама берсек, интеллект пен мектеп үлгерімі арасындағы қатынасты тез анықтауға болады. Интеллект деңгейі жоғары оқушының сапалы білім алуға мүмкіншілігі, қабілеті болады. Интеллект – баланың қабілеттер жиынтығының диапазонының жоғары табалдырығын анықтайды. Итеплектісі темен оқушының жақсы, табысты оқуға қабілеті, мүмкіншілігі шектеулі. Соңдықтан интеллект дамытудың оқу үрдісінде орны ерекше екені көрінеді.

Мектеп жасында жалпы және жеке қабілеттер негізі, басты іс-әрекет түрлерінің, яғни оқу, қарым-қатынас және еңбектің негізінде дами түседі. Осы кез жоғары интеллектуалдық және еңбек белсенділігімен ерекшеленеді. Осы және басқа факторларды негізге ала отырып, интеллектінің қалыптасуына, дамуына қолайлы жағдайларды ұйымдастыру

арқылы мектеп үлгірімін едәуір дәрежеде көтеруге болады. Интеллекттің оқыту үрдісі кезінде дамытуды педагогикалық – психологиялық негізде қарастыру үлкен зерттесуді қажстететін мәселе, және мұны тек білім беруді жетілдіру, жаңа технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады. Окушылардың жақсы білім алудын, табысты окуудын, ақылойының дамыуды жоғары дәрежеде үйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер

1. Дружинин В.Н. Психология общих способностей – СПб: Издательство „Питер”, 2000.
2. Немов.Р.С. Психология. 2 – том. М., 2003.
3. Немов Р.С.Психология. М., „Просвещение”, 1995.
4. Основы психодиагностики. М.,2003.
5. Познавательные психические процессы (хрестоматия).М.,1992.
6. Психодиагностика. Учебник для ВУЗов.

УДК 581

*Климов А., гр 1201
Научный руководитель-
Ниязбекова А.Б.*

Влияние радиационной обстановки на окружающую среду

Значительные территории Казахстана оказались подверженными радиоактивному заражению в результате деятельности Семипалатинского полигона. За 40 лет на полигоне произведено 470 ядерных взрывов: 90 воздушных, 26 наземных, 354 подземных.

В Западном Казахстане также проводились ядерные испытания. Это Азгир, Караганак и Новая Казанка. В Азгире проводилась обработка технологий создания подземных хранилищ, в Караганаке эта технология уже внедрялась, а в Новой Казанке делался взрыв 20 августа 1972 г. под шифром

P-3 для глубинного зондирования. Как известно финалом этих работ являются аварийные емкости и в Азгире и в Караганаке.

Сейчас находясь в крайне неудовлетворительном состоянии, большая часть хвостохранилищ размывается течением рек, вызывая попадание радиоактивных веществ в подземные воды, атмосферу, почву. Экологически опасным очагом загрязнения являются хвостохранилища с реальной угрозой ветрового выноса радиоактивного песка не только на территорию самого государства, но и на сопредельные территории. Подобная ситуация может привести к необратимым изменениям окружающей среды в локальном и региональном масштабе, политической напряженности, экономической дестабилизации и ущербу, выводу из оборота обширных сельскохозяйственных угодий, которые будут в течение ряда десятилетий содержать радионуклиды.

На данном этапе важное значение имеет выявление и анализ различных специфических эффектов, которые могут быть обусловлены воздействие многочисленных ядерных взрывов на население.

Необходимо выяснить, как изменяется концентрация радионуклидов от времени года для того, чтобы достоверно узнать пути поступления их в природные объекты. Как уже говорилось ранее, в результате многочисленных ядерных испытаний огромное количество продуктов ядерного распада было выброшено в окружающую среду и захоронено под землёй. Наиболее опасными для живого организма являются радионуклиды цезий-137 и стронций-90.

Цезий - 137. После стронция-90 цезий-137 является самым опасным радионуклидом для человека. Он хорошо накапливается растениями, попадает в пищевые продукты и быстро всасывается в желудочно-кишечном тракте. Цезий-137 - долгоживущий радионуклид, период его полураспада составляет 30 лет. До 80% цезия откладывается в мышечной ткани. Биологические процессы эффективно влияют на це-

зий, поэтому в отличие от стронция, биологический период полувыведения цезия у взрослых людей колеблется от 50 до 200 суток, у детей в возрасте 6 - 16 лет от 46 до 57 суток, у новорожденных - 10 суток. Причем около 10% нуклида быстро выводятся из организма, остальная часть - более медленными темпами. Но в любом случае ежегодное его содержание в организме практически определяется поступлением нуклида с рационом в данном году.

Объектом исследования явилось определение удельной активности радионуклида цезий-137 в природных объектах: речная вода, почва, взятая по берегу реки и растительность, собранная в небольшой удалённости от водоисточника. Пробы брались с р.Ревунок, находящейся в черте города и р.Церковный, находящейся в удалении от города на расстоянии 130 км. в п.Чапаево. Замеры концентрации проводились с помощью радиометра РКСБ-104.

Удельная активность радионуклида цезий-137 в почве города Уральска

месяц	показания	среднее значение	фоновые показания прибора	объемная активность Бк/кг
октябрь	239,228,227,212,248	230,8	203,4	548
январь	226,232,228,220,236	228,4	205,2	464
апрель	23,245,210,227,235	224	204,5	390

Удельная активность радионуклида цезий-137 в почве города п.Чапаево 130 км

месяц	показания прибора	среднее значение	фоновые показания прибора	объемная активность Бк/кг
октябрь	273,230,243,226,248	244	203,4	812
январь	222,251,229,252,243	239,6	205,2	688
апрель	214,248,205,229,194	218	204,5	270

Удельная активность цезия-137 в почве г.Уральска изменяется во времени. За период октябрь-январь произошло уменьшение удельной активности цезия-137. В осенний пери-

ях взятых в весенний период меньше в 1,5 раза, чем в осенний. Таким образом, можно наблюдать миграцию радионуклида цезий-137 путём почва-растение.

ӘФЖ371.32

*Күдайбергенова Р.Т.,
2409-тап студенті
Фылыми жетекшісі - пе-
дагогика ғылымдарының
докторы
Қыдырышаев А.С.*

**Интеллектуальды ойындар
арқылы шешен
сөйлеу өнеріне баулу
жұмыстары**

Мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған талап – жас үрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, келешек өмірге жан-жақты даярлап шығару. Мұндай талапты орындау мұғалімге әр сабакта шығармашылық жұмыстар атқаруды, ұтымды және орынды әдіс-тәсілдерді пайдалануды және оқытудың жаңа технологияларын қолдануды жүктейді. Сондықтан оқыту процесінде қандай әдістер мен амалдарды қолдану арқылы балаларды дамыта аламыз және оны қалай жетілдіреміз деген проблемалық мәселелер жалпы қоғамды, әсіресе мұғалімдерді толғандырмай қоймайды. Мұндай проблема қазақ тілін оқыту әдістемесін де айналып өтпейді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының алдында тұрған міндет – окушылардың қазақ тілінің грамматикалық құрылымының құпиясына үңілдіру ғана емес, сонымен қатар олардың дұрыс сөйлеуіне, тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға, сауатты жаза білуіне арналған оқытуды жолға қою. Окушылардың тілін дамытып, ойын жүйелі айта білуге үйрету – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің басты парыздарының бірі.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру амалдарының арасында ойын іс-әрекетінің алатын орны ерекше.

Ойын дегеніміз не? Бір қарағанда, ол қарапайым құбылыс, іс-әрекет іспетті. Ойын – міндетті ұжымдық әрекет.

П.Ф.Лесгафт: “Ойын – балаларды өмірге дайындайтын жаттығу”, - деген екен.

Ойынның ережелері, ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекеттерінен туындаиды. Ойынның басты шарты – женіске жету болса да, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады.

Ал сабак барысындағы ойынның басты мақсаты – білім беруді ойынмен үштастыру, баланы қызықтыра отырып, өтілген материалды терең менгерту. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындаиды. Сондай-ақ ойын үстінде балалардың ойлау қабілеті, байқампаздық әрекеті, зейіні жетіледі, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді, сөздік қоры молаяды.

Бала өміріндегі ойынның алатын орны туралы педагог М.Жұмабаев та өз көзқарасында: “Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе. Ойын барысында бала өзін коршаған орта туралы алған білімін пайдаланады. Ойыннан терең әсер алғып, ойлау қабілеті жетіледі. Ойынды баланың тілін дамыту үшін де пайдалану керек”, - деп баса айтқан.

Ойындардың қажеттісін ғана мақсатқа сай дұрыс іріктеп ала білу – ұстаз шеберлігінің ерекше қыры. Баланың тілін дамытуға бағытталған, шешен сөйлеу өнеріне баулитын ойындардың бірнеше түрі бар. Оларды әр сабактың ерекшелігіне орайластырып тандай алу қажет.

Осы реттегі шешендік білік-дағдыларды қалыптастыратын ойындардың ерекше түрі – интеллектуальды ойындар. Бұл бағыттағы ойын, тапсырма, жаттығу түрлері нақтылы ойлауға қабілетті, сауатты, дұрыс сөйлей алғын, шешен тілді көсіби маманның қалыптасуы мен дамуына септеседі.

Интеллектуальды ойындарды шешендіктану /риторика/ сабағы барысында да, аудиториядан тыс өз беттерімен де орындауга болады. Мұндайда ойын түрлерін төрт-бес

№ 2 * Вестник * 2004

од активность радионуклида в 1,4 раза больше чем в весенний. На расстоянии 130 км наблюдается такое же изменение, но здесь в осенний период активность цезия-137 в 3 раза больше чем в весенний.

Удельная активность радионуклида цезий-137 в воде города Уральска

месяц	показания прибора	среднее значение	фоновые показания прибора	объемная активность Бк/кг
октябрь	222,221,186,204,194	205,4	203,4	40
январь	225,231,203,222,209	218	205,2	256
апрель	203,217,216,224,224	216,8	204,8	238

Удельная активность радионуклида цезий-137 в воде п.Чапаево 130 км.

месяц	показания прибора	среднее значение	фоновые показания прибора	объемная активность Бк/кг
октябрь	233,244,257,252,223	241,8	203,4	768
январь	257,265,270,245,253	258	205,2	1056
апрель	225,233,221,229,224	226,4	204,5	438

Удельная активность радионуклида цезий-137 в речной воде г. Уральска в осенний период превышает в 2,16 раза природную радиоактивность воды, в зимний период в 13,84 раза, в осенний в 12,86 раза. Такое колебание удельной активности обусловлено поступлением радионуклида в речную воду при помощи осадков, талых вод, грунтовых вод. На расстоянии 130 км от города Уральска наблюдается повышенная активность цезия-137 в речной воде. В весенний период она превышает природную радиоактивность в 51,86 раз, в осенний период в 57,08 раза, в весенний период в 23,68 раза.

Удельная активность радионуклида цезий-137 в растительности города Уральска.

месяц	показания прибора	среднее	фоновые	объемная ак-
-------	-------------------	---------	---------	--------------

		значение	показания прибора	активность Бк/кг
октябрь	210,237,220,240,201	221,6	203,4	364
январь	230,228,209,218,222	219,4	205,4	284
апрель	219,298,209,242,180	209,6	204,5	102

**Удельная активность радионуклида цезий-137 в
растительности города п.Чапаево 130 км**

месяц	показания прибора	среднее значение	фоновые показания прибора	объемная активность Бк/кг
октябрь	262,234,242,257,256	250,2	203,4	936
январь	261,239,245,264,241	250	205,4	896
апрель	239,210,240,232,252	234,6	204,5	602

Выпадающие на поверхность почвы радионуклиды на протяжении многих лет остаются в ее верхних слоях. Если почвы бедны такими минеральными компонентами, как кальций, калий, натрий, фосфор, то связываются благоприятные условия для миграции радионуклидов в самих почвах и по цепи почва - растение. В первую очередь это относится к дерново-подзолистым и песчано-суглинистым почвам.

В нашем случае мы видим, что концентрация цезия-137 изменилась во времени. В осенний период достигается максимальная концентрация радионуклида вследствие его захвата из почвы на протяжении времени роста растения. Так как в качестве проб брались однолетние растения, то активность цезия-137 в зимний период практически не изменилась по отношению к осеннему. Потому что питания растения не происходит, а значит, захват радионуклида из почвы так же не происходит.

Проба, взятая весной, т.е. были собраны травы, которые выросли в течение весеннего периода, показывает, что активность цезия-137 в молодых травянистых побегах в 3,5 раза меньше, чем в осенний период. На расстоянии 130 км наблюдается такая зависимость, но активность цезия-137 в растени-

адамнан құралған микротоптарға үйымдастыра отырып, бірлескен ұжымдық қалыпта ойланып, шебер сөйлеу іс-әрекетін жүзеге асырап барлық ойындар мен жаттығуларды орындаған жөн. Бұл ретте жүргізуші рөлін кезектесіп атқаруға болады. Әрбір болашақ көсіби маман алға қойған мақсатына қол жеткізу үшін өз білімін үйлесімді де ұтымды бағыттай білу керек. Мұндай біртұтас сапалылықты аңғартар біліктердің бір шоғыры төмендегіше:

- 1) ойлаудың үйлесімділігі;
- 2) іс-әрекеттің бір түрінен екіншісіне шүғыл кірісе алушылық;
- 3) оппонентпен (карсыласпен) қарым-қатынастың тез орнауы;
- 4) ресми қарым-қатынастағы “аудиториялық есенгіреуді” мезетте жеңе білу қабілеттілігі т.б.

Ал шешен сөйлеу өнеріне баулуга бағытталған интеллектуальды ойындарды біз төмендегіше жүйелеп ұсынуды жөн көрдік:

І саты. “Шешендіктануды” оқу пәні ретінде ұғындыру.

Шешендіктануды оқу пәні ретінде қарастырудың басты мақсаты мынада: оның ғылым, өнер, оқу пәні түрғысындағы жалпы көрінісін бағамдау, оның пайда болу, даму тарихына, өзіндік орнына, маңызына терең мән беру.

Бұл бағыттағы жаттығулар мен ойындар оқушылардың шешендіктанудың қазіргі қоғам өміріндегі рөлін дұрыс түсінуіне септігін тигізеді. /Әрбір сатыға сәйкес бір ойын түрін ұсынуды жөн көрдік/.

“Замандас көзқарасымен...” интеллектуальды ойын.

Ойын мақсаты – әр дөүірдегі қылыш қоғамдық өмірдегі шешендіктанудың өзіндік рөлін бейнелейтін «тарихи көріністерді» ұсыну (Ежелгі Греция, Ежелгі Рим, XIX ғ. Қазақ елі, XVII-XIX ғғ. Ресей, XX ғ. АҚШ).

Даярлық жұмыстары:

Сахнада жұмыс жасау тәжірибесі бар оқушыларға берілер жеке үй тапсырмасы:

- тарих оқулықтары жөне өзге де мәлімет көздері бойынша белгілі бір дәуір сипаттың қайтара еске түсіре отырып, сол уақыттың киім киісі, дәлме-дәл жағдайы, мінез-құлық стилі және т.б. қалпында көз алдарына елестету;
- жоғарыда аталған белгілі бір кезенге сәйкесті шешендіктанудың тарихи параптартары бойынша тиісті әдебиеттерді жете оқып-үйрену, сол кезенге сәйкесті шешендердің ішінен бір ірі тұлғаны бөле-жара алу (мәселен, Сырым шешен), ол туралы, оның шешендік іс-әрекеті туралы монолог (7-10 минут) құрастыру, осы «классик-шешен» жөніндегі монологты «шежіреші шал» аузынан айттыра отырып, сол кезенің қалпын дәл беруге үмтүлыш жасауға өзірлену (гримі, киім киісі, сөйлеу стилі, қолданар құралдары, мысалы, шығыс шешендерінің қолдарындағы қамшы). Оқытушы тарапынан пайдаланар әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Ойын барысы:

Әрбір дәуірге сай замандас «шежіреші шалдың» не «шешен замандастарының» сахнаға шығуы шешендіктанудың әр кезеңіне орайлас жасалған көрініс (иллюстрация) те болып табылады. Бұл орайда оқушылар үш топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысының мақсаты – сахнаға шығып белгілі бір шешен рөлдерін орындаушылардың іс-әрекетін бақылау, оларға төмендегі сауалдар төннегінде талдаулар жасау:

1. Орындаушылардың өз рөлдеріне қаншалықты терең ене алғандығы (белгілі бір дәуірді дәл беруі, сол уақыттың тарихи ерекшелігін дәл табуы, киім киісі, детальдары, т.б.).
2. Орындалған монологтағы «маңызды» да «қызығылықты» түстардың өзара байланысы қандай дәрежеде?
3. Әрбір орындаушы өз «шешенін» тұлға, адам ретінде қандай дәрежеде көрсете алды? Орындаушы өз тындаушыларымен қалай тіл табыса алды? («көз жанары

№ 2 * Вестник * 2004

арқылы байланыс», мимика, тұлға кейпі, тындаушыларға қарата сөз сөйлеу, сұраулы және лепті сөйлемдер, проблемалы жағдаят туғызу, белгілі бір тарихи кезеңге сәйкесті сөздер мен тіркестерді түсіндіруі).

II саты “Адам қарым-қатынас айнасында” тақырыбында.

Бұл бөлімде окушы, ең алдымен, Аристотельдің “Біз сөзді емес, сөйлеуші адамды тындаймыз” деген нақыл сөзінің мән-мағынасын жете түсінуі қажет. Өзінің ойлау және сөйлеу қабілеттерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, тұлғалық қалыптасуындағы ілгерілеушілікті, әлі де болса, жеткен межеде тоқтап қалмай, алға басу қажеттігін терең сезінуі тиіс. Мұның барлығына осы бөлімдегі ойындар мен жаттығулар жүйесін орындау арқылы қол жеткізуге болады.

“Ыргак” интеллектуальды ойны.

Ойын мақсаты - әңгімелесушіне ашыла тусу қабілетін жетілдіруге, оның жағдайын, темпераментін, бағыттылығын, құш-жігерін түсінуге септесу.

Ойын барысы.

Екі қатысуышы бір-біріне қарама-қарсы тұрады да, өз атқарар міндеттерін (бірі – «жүргізуі», екінші – «айна») келісіп алады. Қатысуышылардың қолдары кеуде деңгейіне дейін көтеріліп, бір-біріне алақандары қаратыла ұсталған. Жүргізуі қолымен еркін қозгалыстар жасайды, ал «айна» рөлін ойнаушы оны сол ыргакта қайталауға тырысады. Рөлдер бірнеше рет алмастырылады.

Жаттығудың психологиялық мәні өзге адамның ішкі «ыргағын» сезінүү және оны мүмкіндігінше толық бейнелеу. Бұл орайда әрбір адамды ерекше психологиялық «ыргак» не жеке-дара тұлға ретінде түсіну пайдалы. Сол себептен де адамды дұрыс түсіну үшін, алғашқы кезекте, оның құш-жігерін, темпераментін, даму күйін, ішкі экспрессиясын сезінүү міндетті.

III саты. “Сөздің ауызша және жазбаша формаларын” игерту.

Қазіргі кезде берілген тақырыpta сол мезетте шығарып сойлеуден гөрі (басы артық нәрсе айтып қоймау үшін де

болар) алдын-ала дайындалған сөзді оқып беру қалыпты дәстүрге айналды. Дайын нәрсені оқып беру, әрине оңай жол. Бірақ оның нәтижесінде тыңдаушымен ешқандай интеллектуальды да, эмоциональды да байланыс орнай алмайды. Дайын мәтінді оқып тұрған адамды тыңдау, ең алдымен, тыңдаушыға жағымсыз өсер қалдырады. Ал егер сол мәтінді ол өз түсінігімен, қарапайым түрде, жалпыға үғынықты тілде жеткізсе, бәрі басқаша болар еді.

Себебі: жазбаша мәтін – көзбен, ал ауызша мәтін есту арқылы қабылданады. Қабылдау жүйелері алуан түрлі болғандықтан, олардың күрылымы да, орындалу жолдары да түрліше болуы шарт.

Бұл белімдегі ойындар мен жаттығулардың мақсаты – оқушыны ауызша және жазбаша мәтін формаларын ажыратса болуға үйрету, өзін-өзі қажетті деп санаған бағытына сай тәрбиелеуге баулу.

“Тамаша таныстық” интеллектуальды ойыны.

Ойын мақсаты – ұзақ есте сактауды дамыту.

Ойын барысы.

